

"Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы N 638 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2008 жылғы 18 сәуірдегі N 213 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 24 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5197 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 230 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2012.05.21 № 230 Бұйрығымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына сәйкестендіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелерін бекіту туралы" (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5115 тіркелген, "Заң газетінің" 2008 жылғы 22 ақпандағы N 28 санында жарияланған) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы N 638 бұйрығында :

жоғарыда көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2-тармақтың екінші абзацында "белгіленген квотаға сәйкес" деген сөздер алынып тасталсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. ҰБТ ағымдағы жылғы жалпы орта білім беретін ұйымдардың бітірушілері
ү ш і н ө т к і з і л е д і .

Кешенді тестілеу өткен жылдардағы жалпы орта білім беретін ұйымдардың бітірушілері, бастауыш және кәсіптік орта оқу орындарын бітірушілер (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі), ҰБТ-ға қатыспаған халықаралық оқушылармен алмасу желісі бойынша шетелде оқыған жалпы білім беретін мектепті бітірушілер, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын

жалпы орта білім беретін мектепті бітірушілер, республикалық музыка мектеп-интернаттарының бітірушілері, сондай-ақ оқу орындарын шетелде бітірген азаматтар үшін өткізіледі.";

6-тармақтағы "кешенді тестілеудің" деген сөздерден кейін "немесе ҰБТ" деген сөздермен толықтырылсын;

9-тармақтағы "Кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде адамдардың жекелеген санаттары үшін қабылдау квотасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қарашадағы N 1188" деген сөздер "Техникалық және кәсіптік, орта оқу орнынан кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 наурыздағы N 296" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 1 - т а р м а қ т а :

"арнаулы немесе шығармашылық дайындықты" деген сөздерден кейін " (бұдан былай - шығармашылық мамандықтары)" деген сөздермен толықтырылсын ;

"арнаулы немесе шығармашылық емтихандар" деген сөздерден кейін "(бұдан былай - шығармашылық емтихандар)" деген сөздермен толықтырылсын;

1 3 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Шығармашылық мамандықтарға түсетін азаматтар өздері тандаған ЖОО-ның қабылдау комиссиялары өткізетін шығармашылық емтихан тапсырады .

Шығармашылық емтихандар саны - екеу.";

екінші, төртінші және бесінші абзацтағы "Арнайы (шығармашылық)" деген сөздер "Шығармашылық" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "45" деген сан "25" деген санмен ауыстырылсын;

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Кешенді тестілеу азаматтардың қалауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде орта білім берудің оқу бағдарламалары көлемінде төрт пән: қазақ немесе орыс тілі (оқу тілі), Қазақстан тарихы, математика және 3-қосымшаға сәйкес талапкердің тандаған мамандығына байланысты пән бойынша өткізіледі.";

21-тармақтағы "30" деген сан "25" деген санмен ауыстырылсын.

22-тармақтағы "2 астрономиялық сағат" деген сөздер "2 сағат 30 минут" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 9 - т а р м а қ т а :

"кешенді тестілеудің" деген сөздерден кейін "немесе ҰБТ" деген сөзбен толықтырылсын ;

үшінші абзацтағы сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Таңдау пәндері сәйкес келген жағдайда азамат төрт мамандықты көрсете алады";

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Білім беру грантын алуға арналған конкурста қазақ немесе орыс тілі (оқу тілі), Қазақстан тарихы, математика және таңдау пәні бойынша жинаған балдар е с к е р і л е д і .

Конкурсқа қатысу үшін төменгі балл деңгейі 50 балды құрайды, оның ішінде кемінде 7 балл бейіндік пәннен, (әрбір шығармашылық емтихан бойынша кемінде 10) ал қалған пәндерден кемінде 3 балл болуы қажет.";

37-тармақтағы "сертификат" деген сөз "ҰБТ немесе кешенді тестілеу сертификаттары" деген сөздермен ауыстырылсын;

39-тармақтағы "мамандықтардың реті бойынша" деген сөздерден кейін "ҰБТ немесе кешенді тестілеудегі" деген сөздермен толықтырылсын;

41-тармақтағы "Сертификаттар" деген сөз "ҰБТ немесе кешенді тестілеу сертификаттары" деген сөздермен ауыстырылсын;

44-тармақтағы "сертификатты" деген сөз "ҰБТ немесе кешенді тестілеу сертификаттарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

46 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"46. Ақылы оқуға ағымдағы жылғы ҰБТ-дан өткен, жалпы орта білім беру ұйымын бітірушілер, тестілеу нәтижелері бойынша 50 балл келесі пәндерден: қазақ немесе орыс тілінен (оқу тілі), Қазақстан тарихы, математика және таңдау пәнінен, оның ішінде, бейіндік пәннен 7 балдан кем емес (әрбір шығармашылық емтиханнан 10 балдан кем емес), ал қалған пәндерден ең төмені 3 балдан жинаған кешенді тестілеуге қатысушылар қабылданады.";

үшінші абзацтағы "арнайы (шығармашылық)" деген сөздер "шығармашылық" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-қосымша осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (С.М. Өмірбаев) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі К.Н. Шәмшидиноваға жүктелсін.

Министр

Ж. Түймебаев

" К Е Л І С І Л Д І "

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у м и н и с т р і

2008 жылғы 18 сәуір

----- А. Д е р н о в о й

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2008 жылғы 18 сәуірдегі

№ 213 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2008 жылғы 19 желтоқсандағы
№ 638 бұйрығымен бекітілген
Жоғары білім берудің кәсіптік
оқу бағдарламаларын іске
асыратын білім беру
ұйымдарына оқуға
қабылдаудың үлгілік

ережелеріне 3-қосымша

**ҰБТ және кешенді тестілеу жүргізілетін пәндер
көрсетілген мамандықтар тізбесі**

Код	Мамандықтар топтары мен мамандықтар атауы	Таңдау бойынша пәндер	Бейіндік пән
Бакалавриат мамандықтары			
1. Білім			
050101	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Биология	Математика
050102	Бастапқы оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	Биология	Математика
050103	Педагогика және психология	Биология	Биология
050104	Бастапқы әскери дайындық	2-шығармашы- лық емтихан	1-ші шығарма- шылық емтихан
050105	Дефектология	Биология	Биология
050106	Музыкалық білім	2-шығармашы- лық емтихан	1-ші шығарма- шылық емтихан
050107	Бейнелеу өнері және сызу	2-шығармашы- лық емтихан	1-ші шығарма- шылық емтихан
050108	Дене шынықтыру және спорт	2-шығармашы- лық емтихан	1-ші шығарма- шылық емтихан
050109	Математика	Физика	Математика
050110	Физика	Физика	Физика
50111	Информатика	Физика	Математика
050112	Химия	Химия	Химия

050113	Биология	Биология	Биология
050114	Тарих	Дүниежүзі тарихы	Дүниежүзі тарихы
050115	Құқық және экономика негіздері	Дүниежүзі тарихы	Дүниежүзі тарихы
050116	География	География	География
050117	Қазақ тілі мен әдебиеті	Қ а з а қ әдебиеті	Қазақ тілі
050118	Орыс тілі мен әдебиеті	О р ы с әдебиеті	Орыс тілі
050119	Шет тілі: екі шет тілі	Шет тілі	Шет тілі
050120	Кәсіптік білім	Физика	Математика
050121	Қ а з а қ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті	Қ а з а қ әдебиеті	Қазақ тілі
050122	Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті	Орыс әдебиеті	Орыс тілі
2. Гуманитарлық ғылымдар			
050201	Философия	Дүниежүзі тарихы	Дүниежүзі тарихы
050202	Х а л ы қ а р а л ы қ қатынастар	Шет тілі	Шет тілі
050203	Тарих	Жалпы әлем тарихы	Дүниежүзі тарихы
50204	Мәдениеттану	Дүниежүзі тарихы	Қ а з а қ с т а н тарихы
050205	Филология	Әдебиет	Ана тілі
050206	Дінтану	Дүниежүзі тарихы	Дүниежүзі тарихы
050207	Аударма ісі	Шет тілі	Шет тілі
050208	Археология және этнология	Дүниежүзі тарихы	Қ а з а қ с т а н тарихы
050209	Шығыстану	Шет тілі	Шет тілі
050210	Шетел филологиясы	Шет тілі	Шет тілі
050211	Теология	Дүниежүзі тарихы	Қ а з а қ с т а н тарихы
3. Құқық			
050301	Құқықтану	Дүниежүзі тарихы	Дүниежүзі тарихы
050302	Халықаралық құқық	Шет тілі	Шет тілі
050303	Құқық қорғау қызметі	Дүниежүзі тарихы	Дүниежүзі тарихы

050304	Кеден ісі	Дүниежүзі тарихы	Дүниежүзі тарихы
4. Өнер			
050401	Музыкатану	2-шығармашылық емтихан	1-ші шығармашылық емтихан
050402	Аспаптық орындау	2-шығармашылық емтихан	1-ші шығармашылық емтихан
050403	Вокалдық өнер	2-шығармашылық емтихан	1-ші шығармашылық емтихан
050404	Дәстүрлі музыка өнері	2-шығармашылық емтихан	1-ші шығармашылық емтихан
050405	Дирижирлеу	2-шығармашылық емтихан	1-ші шығармашылық емтихан
050406	Режиссура	2-шығармашылық емтихан	1-ші шығармашылық емтихан
050407	Актерлық өнер	2-шығармашылық емтихан	1-ші шығармашылық емтихан
050408	Эстрадалық өнер	2-шығармашылық емтихан	1-ші шығармашылық емтихан
050409	Хореография	2-шығармашылық емтихан	1-ші шығармашылық емтихан
050410	Сценография	2-шығармашылық емтихан	1-ші шығармашылық емтихан
050411	Композиция	2-шығармашылық емтихан	1-ші шығармашылық емтихан
050412	Операторлық өнер	2-шығармашылық емтихан	1-ші шығармашылық емтихан
050413	Кескіндеме	2-шығармашылық емтихан	1-ші шығармашылық емтихан
050414	Графика	2-шығармашылық емтихан	1-ші шығармашылық емтихан
050415	Мүсін	2-шығармашылық емтихан	1-ші шығармашылық емтихан
050416	Өнертану	2-шығармашылық емтихан	1-ші шығармашылық емтихан
050417	Сәндік өнер	2-шығармашылық емтихан	1-ші шығармашылық емтихан
050418	Кітапханатану және библиография	Әдебиет	Әдебиет
500419	Мұражай ісі және ескерткіштерді қорғау	Дүниежүзі тарихы	Қазақстан тарихы
050420	Сәулет	2-шығармашылық емтихан	1-ші шығармашылық емтихан
050421	Дизайн	2-шығармашылық емтихан	1-ші шығармашылық емтихан
050422	Баспа ісі	Әдебиет	Әдебиет
5. Әлеуметтік ғылымдар және бизнес			

050501	Социология	Дүние жүзі тарихы	Қазақстан тарихы
050502	Политология	Дүние жүзі тарихы	Қазақстан тарихы
050503	Психология	Биология	Биология
050504	Журналистика	2-шығармашылық емтихан	1-ші шығармашылық емтихан
050505	Аймақтану	Шет тілі	Шет тілі
050506	Экономика	География	Математика
050507	Менеджмент	География	Математика
050508	Есеп және аудит	География	Математика
050509	Қаржы	География	Математика
050510	Мемлекеттік және жергілікті басқару	География	Математика
050511	Маркетинг	География	Математика
6. Жаратылыстану ғылымдары			
050601	Математика	Физика	Математика
050602	Информатика	Физика	Математика
050603	Механика	Физика	Математика
050604	Физика	Физика	Физика
050605	Ядролық физика	Физика	Физика
050606	Химия	Химия	Химия
050607	Биология	Биология	Биология
050608	Экология	Биология	Биология
050609	География	География	География
050610	Гидрометеорология	География	География
050611	Астрономия	Физика	Физика
7. Техникалық ғылымдар және технологиялар			
050701	Биотехнология	Биология	Биология
050702	Автоматтандыру және басқару	Физика	Математика
050703	Ақпараттық жүйелер	Физика	Математика
050704	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету	Физика	Математика
050705	Математикалық және компьютерлік моделдеу	Физика	Математика
050706	Геология және пайдалы қазбалар орындарын барлау кең	Физика	Математика
050707	Тау-кен ісі	Физика	Математика
050708	Мұнай-газ ісі	Физика	Математика
050709	Металлургия	Физика	Математика

050710	Материалтану және жаңа материалдар технологиясы	Физика	Физика
050711	Геодезия және картография	География	Математика
050712	Машина жасау	Физика	Математика
050713	Көлік, көлік техникасы және технологиясы	Физика	Математика
050714	Авиациялық техника және технологиялары	Физика	Физика
050715	Теңіз техникасы және технологиялары	Физика	Математика
050716	Приборлар жасау	Физика	Математика
050717	Жылу энергетикасы	Физика	Математика
050718	Электр энергетикасы	Физика	Математика
050719	Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар	Физика	Математика
050720	Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы	Химия	Химия
50721	Органикалық заттардың химиялық технологиясы	Химия	Химия
050722	Полиграфия	Физика	Физика
050723	Техникалық физика	Физика	Физика
050724	Техникалық машиналар және жабдықтар	Физика	Физика
050725	Ағаш өңдеу технологиясы	Физика	Математика
050726	Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы және конструкциялау	Физика	Физика
050727	Азық-түлік тағамдары технологиясы	Химия	Химия
050728	Өңдеу өндірістерінің технологиясы	Химия	Химия
0729	Құрылыс	Физика	Математика
050730	Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын өндіру	Физика	Математика
050731	Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі	Физика	Математика
050732	Стандарттау, метрология және сертификаттау	Физика	Математика

050733	Т о қ ы м а материалдарының технологиясы және жобалануы	Физика	Математика
8. Ауылшаруашылық ғылымдары			
050801	Агрономия	Биология	Биология
050802	Зоотехния	Биология	Биология
050803	Аң өсіру және аңшылық	Биология	Биология
050804	Балық шаруашылығы	Биология	Биология
050805	Су ресурстары және суды қолдану	География	География
050806	Агроинженерия	Физика	Математика
050807	Орман шаруашылық ісі	Физика	Математика
050808	Топырақтану және агрохимия	Биология	Биология
050809	Жеміс-көкөніс шаруашылығы	Биология	Биология
050810	Мелиорация, рекультивация және жерді қорғау	Биология	Математика
9. Қызмет көрсету			
050901	Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру	Физика	Математика
050902	Туризм	География	География
050903	Жерге орналастыру	География	Математика
050904	Тұрмыстық қызмет көрсету және сервис	География	География
050905	Әлеуметтік жұмыс	География	География
050906	Мәдени-тынығу жұмысы	2 шығармашы- лық емтихан	1-ші шығарма- шылық емтихан
050907	Кадастр	География	География
050908	Бағалау	География	Математика
10. Әскери іс және қауіпсіздік			
051001	Өрт қауіпсіздігі	Физика	Математика
051002	Ақпараттық қауіпсіз- дендіру жүйесі	Физика	Математика
11. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)			
051101	Мейірбике ісі	Биология	Биология
051102	Қоғамдық денсаулық сақтау	Биология	Биология
051103	Фармация	Химия	Химия
Жоғары арнайы білім мамандықтары			
2. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)			
051301	Жалпы медицина	Биология	Биология

051302	Стоматология	Биология	Биология
3. Ветеринария			
051201	Ветеринарлық медицина	Биология	Биология
051202	Ветеринарлық санитария	Биология	Биология

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК